

Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы ақпарат

2023 жылғы 2 қарашада Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Қарлығаш "бөбекжайы" КМҚК мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті. Отырысқа мектепке дейінгі ұйымның директоры, әдіскер, кеңестің 6 мүшесі, 1 мүшесі қатыспады.

Күн тәртібінде мәселелер қаралды:

1. ҚК төрағасын сайлау
2. ҚК тексеру комиссиясын қалыптастыру
3. 2023-2024 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту
4. Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық және демеушілік көмек тарту қажеттілігі туралы.
5. Әр түрлі

Мектепке дейінгі ұйымның директоры Қамқоршылық кеңес мүшелерін Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен, оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің "Қарлығаш "бөбекжайы" КМҚК қамқоршылық кеңесі туралы Ережемен таныстырды.

Көпшілік дауыспен мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің төрағасы - Девяткова Светлана Маратовна сайланды.

Қамқоршылық кеңестің тексеру комиссиясы құрылды, оның құрамына Қ.П.Каппасова, Д.Г.Бойку, Н.Ю.Большакова кірді.

Отырыста мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралып, бекітілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық және демеушілік көмек тарту туралы мәселені көтеріп, қарады. Мектепке дейінгі ұйымның директоры осы мақсаттар үшін "Қазақстан Халық Банкі" АҚ қайырымдылық шоты ашылғанын хабарлады.